**Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 131 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 16 сәуірде № 7586 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 22.01.2016 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 22.01.2016 № 29 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрықтың 2 қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтары күшін жойды деп танылсын.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *Б. Имашев*

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникациялар
министрі
_______________ А. Жұмағалиев
2012 жылғы 28 наурыз

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2012 жылғы 28 наурыздағы
№ 131 бұйрығымен
бекітілген

**Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидалары**

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 30.09.2020 № 432 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер.

1. Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабына сәйкес әзірленді және "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы" Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес құқықтық кадастрдан ақпаратты ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар саны туралы мәліметтер Әділет министрлігінің интернет-ресурсында тоқсан сайын жариялауға жатады.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) құқықтық кадастрдан мәліметтер - құқықтық кадастрда қамтылған жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (құқықтар ауыртпалықтары) және мемлекеттік тіркеудің өзге де объектілері туралы ақпарат және тіркеуші орган ұсынатын тіркеу ісіндегі құжаттардың көшірмелері;

2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

3) тіркеуші орган – жылжымайтын мүліктің орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы;

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 22.02.2024 № 156 ( 24.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік құпияларға жататын ақпараттарды беру Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік құпиялар туралы" Заңымен бекітілген нормаларын сақтай отырып жүзеге асырылады.

5. Құқық иесін сәйкестендіретін мәліметтерді (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты және туған күні, заңды тұлғаның атауы мен тіркеу нөмірі) қоспағанда, азаматтар ( дербес деректер) және басқа құқық иелері туралы ақпаратты ашатын мәліметтер берілмейді.

6. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттіктері адвокат куәлігімен және қорғау ( өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламамен расталады.

Уақытша, банкроттық және оңалту басқарушыларының өкілеттігі соттың борышкерді дәрменсіз деп тану туралы шешімімен және сыртқы бақылауды енгізу

туралы ұйғарымымен және банкроттық саласындағы уәкілетті органның уақытша, банкроттық және оңалту басқарушыларын тағайындау туралы бұйрығымен расталады.

Мәжбүрлі таратылатын заңды тұлғаның тарату комиссиясының (таратушы) өкілеттігі тарату комиссиясының құрамын тағайындау туралы бұрығымен және тарату комиссиясының төрағасы берген сенімхатпен расталады.

Мұрагерлердің жылжымайтын мүлікке мұра берушіге тіркелген құқықтары туралы ақпарат алуға өкілеттігі мұраға құқығы туралы куәлікпен немесе мүліктік емес құқықтардан тұратын мұраға құқығы туралы куәлікпен расталады.

Кондоминиум объектісі қатысушының өкілеттігі құқық белгілейтін құжатты не кондоминиумның осы қатысушысына меншік құқығының негізінде жататын жылжымайтын мүліктің кейінгі объектісіне құқық белгілейтін құжатының нотариалды куәландырылған көшірмесін немесе кондоминиум қатысушыларының жалпы жиналысының кондоминиум қатысушылары өкілдерінің өкілеттігін растайтын хаттамасын ұсынумен расталады.

Өзге тұлғалардың өкілеттігі құқық иесінің жазбаша нотариалды куәландырылған келісімімен расталады.

Кондоминиум объектісі қатысушыларына жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат ғана беріледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 07.07.2021 № 565 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Құқық қорғау, сот органдарының өндірістегі қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының олардың құзыретіне сәйкес жазбаша өтініш жасаған жағдайларда, хатта талап етілген ақпарат негізі, сұралатын ақпараттарды пайдалану мақсаты, сондай-ақ сұралатын субъектілердің деректері (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні және жеке тұлғаның ЖСН, заңды тұлғаның атауы және БСН) көрсетіледі.

8. Тіркеуші орган құқық қорғау, сот органдарының өндірістегі қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша, сот орындаушыларының өндірісінде атқарушылық құжат бойынша, мемлекеттік кіріс органдарының, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының ақпарат алуға сұрау салу берілген күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ақпарат береді.

9. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат төмендегі анықтамаларды беру түрінде жүзеге асырылады:

1) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат.

Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамада жылжымайтын мүліктің нақты объектісіне бар құқықтар (ауыртпалықтар) көрсетіледі;

2) осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат.

Жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтамада жеке немесе заңды тұлғаға тіркелген барлық жылжымайтын мүлік объектілері туралы мәліметтер (оның ішінде иеліктен айырылған) көрсетіледі;

3) осы Ереженің 3-1-қосымшасына сәйкес жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген құқықтық ауыртпалықтар, заңдық талаптар туралы мәліметтер.

Жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген құқықтық ауыртпалықтар, заңдық талаптар туралы мәліметтерде жеке немесе заңды тұлғаларға құқықтары тіркелген жылжымайтын мүлік объектісінің барлық ауыртпалықтар және заңдық талаптары туралы мәліметтер көрсетіледі;

4) жылжымайтын мүлік объектілерінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда тіркеуші орган куәландырған тіркеу ісі құжатының көшірмелері.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 25.11.2021 № 1010 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген ақпарат Заңның 17-бабының 2, 3, 3-2, және 3-3 тармақтарына сәйкес беріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 02.04.2021 № 246 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Құқықтық кадастрдан электрондық түрде ақпарат алуға сауал және өтініш берушінің оған қоса берілген құжаттары Мемлекеттік корпорацияның электрондық мұрағатында сауал берілген күннен бастап екі жыл бойы сақталады.

12. Электрондық түрде ақпарат беру Мемлекеттік корпорацияның немесе өтініш иесінің электрондық қолтаңбасы бар болған жағдайда "электрондық үкімет" портал арқылы жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – ЖМБМК) пайдаланып беріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 22.02.2024 № 156 ( 24.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Құқықтық кадастрдан анықтамалар беру туралы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "электрондық үкімет" веб-портал www.egov.kz (

бұдан әрі - Портал) арқылы осы қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысанда сұрау салады ( бұдан әрі – сұрау салу).

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі мынадай қосымшаларға сәйкес келтірілген:

"Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат беру" көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес;

"Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы ақпарат беру" көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша Қағиданың 8-қосымшасына сәйкес;

"Жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген құқықтар ауыртпалықтары, заңды талаптары туралы мәліметтер беру" көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша Қағиданың 12-қосымшасына сәйкес.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Тіркелген құқық ауыртпалығы және жылжымайтын мүлік объектісіне заңдық талап туралы ақпарат порталда кез келген тұлғаға қолжетімді.

15. "Ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін куәландыру (қол қою) порталдың есептік жазбасына қосу тіркелген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысанда сұрау салады және электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) не біржолғы парольді алу арқылы қол қояды.

16. Сұрау салу ЖМБМК өңдеуге беріледі, онда өңдеу 20 минут ішінде ЖМБМК жүзеге асырылады.

"Сұрау салу өңдеуде" деген мәртебе сұрау салу өңдеуде екенін білдіреді.

Сұрау салу өңделгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушыға "Сұрау салу оң өңделді" деген мәртебе беріледі.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 22.02.2024 № 156 ( 24.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. ЖМБМК арқылы қалыптастырылған электрондық құжаттың тиісті мәліметі көрсетілген қызметті алушының "жеке кабинетіне":

жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы;

жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы;

жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген құқықтар ауыртпалықтары, заңды талаптары туралы мәліметтер нысанында жіберіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 22.02.2024 № 156 ( 24.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – үшінші тұлғалар) басқа жеке тұлғаға қатысты электрондық нысанда ЭҮП арқылы ол келіскен кезде көрсетіледі.

Үшінші тұлғалар ЭҮП арқылы көрсетілетін қызметті алуға сұрау салу жібереді. Үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы ЭҮП-тегі "жеке кабинетінен" ұсынылған мәліметтер сұратылатын тұлғаның келісімі болған кезде, сондай-ақ біржолғы парольді беру арқылы немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқаша мәтіндік хабар жіберу арқылы субъектінің ұялы байланысының ЭҮП-те тіркелген абоненттік нөмірі арқылы орындалады.

Қызметті көрсетуге мәліметтер сұратылатын тұлғаның келісімі (бас тартуы) сұрау салу алынған кезден бастап 2 (екі) сағат ішінде жіберіледі. Келісім алынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сы пайдаланыла отырып, ЖМБМК арқылы қалыптастырылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі үшінші тұлғаның "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 22.02.2024 № 156 ( 24.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Құқықтық кадастрдан ақпарат беру бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

20. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5 - бабының 2 - тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

21. ЖМБМК бұзылған жағдайда бір жұмыс күні ішінде "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттаманы жасайды және оған көрсетілетін қызметті берушімен қол қояды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 22.02.2024 № 156 ( 24.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. "Жылжымайтын мүлік объектісінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда тіркеуші орган куәландырған тіркеу ісі құжатының көшірмелерін беру" туралы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

22. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес " Жылжымайтын мүлік объектілерінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда, тіркеуші

орган куәландырған тіркеу ісі құжатының көшірмелерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес (бұдан әрі – Тізбе) сұрау салады және құжаттардың толық топтамасын Мемлекеттік корпорацияға немесе Порталға береді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 04.04.2023 № 217 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Құжаттарды қабылдау кезіндекөрсетілетін қызметті берушінің қызметкері жеке басын куәландыратын құжатты некөрсетілетін қызметті алушының цифрлық құжаттамалары сервисіненэлектрондық құжатты мемлекеттік ақпараттық жүйелердегіқамтылған мәліметтермен тексереді (сәйкестендіру үшін).

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 07.07.2021 № 565 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, Стандарттың 11-тармағына сәйкес өтінішті қабылдаудан бас тартады.

26. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

27. "Жылжымайтын мүлік объектісінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда тіркеуші орган куәландырған тіркеу ісі құжатының көшірмелерін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар келіп түскен кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері тізілімге сәйкес құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және заңды тұлғаларды тіркеу басқармасына (бөліміне) жолдайды.

Жауапты орындаушы: ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін тексереді; мұрағатта тіркеу ісін іздестіруді жүзеге асырады; тіркеу ісі құжатының түпнұсқасынан көшірмені алу жолымен жылжымайтын мүлік объектілерінің жоспарын (схемасын) қоса алғанда, тіркеу ісі құжатының көшірмесін қағаз тасығышта дайындайды.

Жылжымайтын мүлік объектісінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда тіркеуші орган куәландырған тіркеу ісі құжатының көшірмелерін көрсетілетін қызметті беруші "көшірмесі дұрыс" деген мөртабанын қояды.

28. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке куәлігін (не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі, онда өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетіледі) көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді , одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Порталға жүгінген кезде электрондық сұрау салуды жіберу көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" жүзеге асырылады. Сұрау салу таңдалған қызметке сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына автоматты түрде жіберіледі. Қызмет көрсету осы Қағиданың 25 тармағында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама - есеп жіберіледі Ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) дереу хабардар етеді.

30. Ақпараттық жүйесі бұзылған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын ( бұдан әрі – оператор) дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор ақпараттық жүйенің бұзылу себебін анықтау бойынша шаралар қабылдайды 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттаманы жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

Әділет министрлігі мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға береді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 22.02.2024 № 156 ( 24.02.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

31. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Шағымды қарауды жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке ( әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 13.09.2021 № 795 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 13.09.2021 № 795 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 13.09.2021 № 795 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Құқықтық кадастрдан ақпарат
ұсыну туралы қағидаға
1- қосымша
Нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 07.07.2021 № 565 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

___________________________________________________________________________

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ филиалы)

Жеке тұлға үшін жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) және оның техникалық сипаттамалары мемлекеттік тіркеу туралы №_____________ ақпарат

(Т.А.Ә. (болған жағдайда - әкесінің аты) бұдан әрі – Т.А.Ә)

___________________________________________________________________________

___________________________

тұған жылы және жеке тұлғаніңЖСН; заңды тұлғаның атауы және БСН, оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты) жылжымайтын мүлікобъектілеріне растама:

| Жылжымайтын мүліктің түрі | Кадастрлық нөмірі | Нысаналы мақсаты ( жоспары бойынша литер) | Мекен-жайы, мекен-жайдың тіркеу коды (бар болған жағдайда | Құрамдарының саны | Қабаттылығы, қабаты | Жалпы ауданы/ көлемі/ ұзындығы | Тұрғын/ негізгі/ пайдалы алаңы | Бөлінуі ( ЖУ) | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

1) құқығы тіркелді:

| Құқықтық түрі | Мазмұны | Құқық иесі | Ортақ меншік нысаны, үлесі | Құқықтың туындау негіздемесі | Тіркелген күні, уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

2) құқықтық ауыртпалығы тіркелді:

| Ауыртпалықтың түрі | Мазмұны | Құқық иесі немесе уәкілетті орган (мүдделі тұлға) | Ортақ меншік нысаны, үлесі | Ауыртпалықтың пайда болуының негіздемесі | Тіркелген күні, уақыты |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

3) жылжымайтын мүлікке құқықтардың немесе құқықтық ауыртпалықтардың туындауына әкеп соқтырмайтын заңдық талаптар және мәмілелер тіркелді:

| Заңдық талаптар және мәмілелер | Мазмұны | Өтініш беруші ( мүдделі тұлға) | Туындау негіздемесі | Тіркелген күні, уақыты |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Орындаушы: _____________ _______________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Бөлім бастығы: ____________ _______________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Басшысы: ______________ _________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны (болған жағдайда)

________________________________________________________________

Ескертпе: ақпараттар берген сәтінде жарамды болып табылады.

Құқықтық кадастрдан ақпарат
ұсыну туралы қағидаға
қосымша-2

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 07.07.2021 № 565 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Құқықтық кадастрдан
ақпарат ұсыну туралы
қағидаға қосымша-3
Нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 07.07.2021 № 565 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

__________________________________________________________

(Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органы)

Жылжымайтын мүлкінің бар (жоқ) екендігі туралы ақпарат

№ _________ "___" _________ _____ жыл

Берілді

__________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, туған күні және ЖСН;

__________________________________________________________

заңды тұлғаның атауы және БСН, оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты)

__________________________________________________________

тұлғаға (жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты, туған күні және ЖСН)

__________________________________________________________

заңды тұлға үшін - атауы және БСН)

1. Жылжымайтын мүлік тіркелді:

1) Мекенжайда орналасқан жылжымайтын мүлікке құқық:

__________________________________________________________

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда)

| | |
|---|---|
| Жылжымайтын мүлік объектісі (объект түрі, нысаналы мақсаты, кадастрлық нөмірі) | |
| Құқықтың түрі, меншік нысаны (дара немесе жалпы үлес) | |
| Құқықтың пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты | |
| Тіркелген ауыртпалықтардың болуы ( ауыртпалықтың түрі, мүдделі тұлға, ауыртпалықтың туындау негізі, тіркеу күні және уақыты) | |
| Жылжымайтын мүлікке құқықтардың немесе құқықтық ауыртпалықтардың туындауына әкеп соқтырмайтын заңдық талаптар мен мәмілелердің тіркелуі | |

2) мекенжайы бойынша:

_________________________________________________________________

____________________

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда).........

2. Жылжымайтын мүлікке жалға беру, өтеусіз пайдалану, сенімгерлікпен басқару құқығы тіркелген, құқық иесі (меншік иесі) басқа тұлға болып табылады.

1) мекенжайы бойынша:

______________________________________________________________________

__

_____________________

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда)

| | |
|---|---|
| Жылжымайтын мүлік объектісі (объект түрі, нысаналы мақсаты, кадастрлық нөмірі) | |
| Құқық иеленуші, (меншік иесі) | |
| Меншік құқықтың пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты | |
| Жалға беру, өтеусіз пайдалану, сенімгерлікпен басқару негізі, тіркеу күні және уақыты | |

2) мекенжайы бойынша:

______________________________________________________________________

__

_____________________

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда)...........

3. Бұрын осы тұлғаға жылжымайтын мүлікке құқықтары тіркелген:

1) Мекенжайы бойынша:

______________________________________________________________________

__

_____________________

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда)

| | |
|---|---|
| Жылжымайтын мүлік объектісі (объект түрі, нысаналы мақсаты, кадастрлық нөмірі) | |
| Құқықтың түрі, меншік нысаны (дара немесе жалпы, үлес) | |
| Құқықтың пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты | |
| Құқықты тоқтату негізі, тіркеу күні және уақыты | |

2) мекенжайы бойынша:

______________________________________________________________

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда)

...........

4. Бұрын осы тұлғаға жылжымайтын мүлікке жалға беру, өтеусіз пайдалану, сенімгерлікпен басқару құқығы тіркелген, құқық иесі (меншік иесі) басқа тұлға болып табылады.

1) мекенжайы бойынша:

______________________________________________________________

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда)

| | |
|---|---|
| Жылжымайтын мүлік объектісі (объект түрі, нысаналы мақсаты, кадастрлық нөмірі) | |
| | |

| | |
|---|---|
| Құқық иеленуші, (меншік иесі) | |
| Жалға беру, өтеусіз пайдалану, сенімгерлікпен басқару құқығының пайда болу негізі, тіркеу күні және уақыты | |
| Жалға беру, өтеусіз пайдалану, сенімгерлікпен басқару құқығының тоқтату негізі, тіркеу күні және уақыты | |

2) мекенжайы бойынша:

______________________________________________________________________________

(мекенжай, мекенжайдың тіркеу коды - бар болған жағдайда)

...........

Орындаушы: ______________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Бөлім бастығы:

______________________________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Басшысы:

______________________________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны (болған жағдайда)

______________________________________________________________________________

_______________

Ескертпе: ақпараттар берген сәтінде жарамды болып табылады.

Құқықтық кадастрдан
алынған ақпаратты беру
қағидасына 3-1-қосымша

Ескерту. Қағида 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 25.11.2021 № 1010 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

______________________________________________________________________

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ филиалы)

Жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген ауыртпалықтар, заңдық талаптар туралы мәліметтер ___ жылғы "___" ______

_______________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні және ЖСН; заңды тұлғаның атауы және БСН, оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) жылжымайтын мүлік объектісіне:_______________________________________________

______________

растама мекенжайы, мекенжайдың тіркеу коды (болған жағдайда)

тіркелген_______________ заңды (құқық түрі)

тұлға______________________________________________________________

(атауы, БСН)

1) құқық ауыртпалығы тіркелді:

| Ауыртпалық түрі | Мазмұны | Құқық иесі немесе уәкілетті орган (мүдделі тұлға) | Ортақ меншік нысаны, үлесі | Ауыртпалықтың туындау негізі | Тіркелген күні, уақыты |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | | | | | |

2) жылжымайтын мүлікке құқықтардың немесе ауыртпалықтардың туындауына әкеп соқпайтын заңдық талаптар мен мәмілелер тіркелді:

| Заңдық талаптар және мәмілелер | Мазмұны | Өтініш беруші (мүдделі тұлға) | Пайда болу негізі тіркеу күні, уақыты | Тоқтату негізі тіркеу күні, уақыты |
| --- | --- | --- | --- | --- |

Орындаушы: _______________ ____________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Бөлім бастығы: _____________ ____________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Басшысы: _______________ _______________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мөр орны (болған жағдайда) _____________________________________________

Ескертпе: Ақпараттар берген сәтінде жарамды болып табылады.

Құқықтық кадастрдан ақпарат
ұсыну туралы қағидаға
қосымша-4

Ескерту. 4-қосымша алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 07.07.2021 № 565 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Құқықтық кадастрдан ақпарат
ұсыну туралы қағидаға
5- қосымша
нысан

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 13.09.2021 № 795 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

__________________________________________________________________________

("Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ филиалы)

Құқықтық кадастрдан жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықты)

мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат алуға сауал №_________

Мен,____________________________________________________________

(Т.А.Ә. (егер қолжетімді болса) (бұдан әрі - Т.А.Ә.) паспорт деректері (жеке куәлігінің

деректері) және жеке тұлғаның тұратын жері, заңды тұлғаның атауы және деректемелері)

________________________________________________ атынан әрекет етуші

(уәкілетті өкіл толтырылады)

_______________________________________________________________ негізінде

(өкілеттігін куәландыратын құжатының деректері)

Маған беруіңізді сұраймын: керегіне белгі қою

- жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық

сипаттамалары туралы ақпарат;

- жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат.

- жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иесі) туралы мәлімет қамтылған техникалық паспортқа қосымша;

